

Қазақстан Республикасы  
Білім және ғылым министрінің  
2018 жылғы 20 қыркүйектегі  
№ 469 бұйрығына 72-қосымша

Қазақстан Республикасы  
Білім және ғылым министрінің  
2013 жылғы 3 сәуірдегі  
№ 115 бұйрығына 512- қосымша

Жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларға арналған  
сыныптары үшін «Қазақ тілі» пәнінен жаңартылған мазмұндағы  
үлгілік оқу бағдарламасы (оқыту қазақ тілінде)

### 1 - тарау. Жалпы ережелер

1. Жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларға арналған 5-10 сыныптары үшін «Қазақ тілі» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабы 6) тармақшасына сәйкес әзірленген.

2. Оқу пәнінің мақсаты – білім алушылардың тілдік базасын кеңейту, сөйлеу тілінің дамуындағы кемістіктердің орнын толтыру; грамматикалық және орфографиялық материалдарды практикалық түрде меңгеру; сөйлеу тілін қарым-қатынас құралы ретінде, танымдық әрекетті түзету және мектептен кейін бейімделуін жеңілдету әдісі ретінде қалыптастыру.

3. Негізгі оқыту міндеттері:

- 1) грамматика бойынша толыққанды білім жүйесін беру;
- 2) білім алушылардың танымдық әрекетіндегі кемістіктерінің орнын толтыруға ықпал ету, жағымды эмоционалды-еріктік және тұлғалық қасиеттерді қалыптастыру;
- 3) білім алушылардың сөйлеу тілін дамыту;
- 4) сөздік қорын байыту және қолданатын грамматикалық құралдар аясын кеңейту;
- 5) сөз байлығын дамыту, жетілдіру;
- 6) сұрақтарға жауап беріп, диалог жүргізу;
- 7) ауызша және жазбаша байланыстырып сөйлеу тілін қолдануға үйрету;
- 8) білім алушылардың деңгейіне сәйкес мәтінді дұрыс және саналы оқуға үйрету;
- 9) тілдің дыбыстық құрамы, грамматика бойынша қарапайым мәліметтер емле ережелері негізінде сауатты жазу дағдыларын қалыптастыру;